

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына
№17 өзгеріс**

Акциялар шығару анықтамалығы 2-бөлімнің 11-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1. Қоғам Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 15 қарашадағы шешіміне (отырыстың №15/2012 хаттамасы) сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің жанынан Кадрлар және сыйақылар комитеті құрылды, оның құзыретіне мына мәселелер кіреді:

1) Басқарма мүшелеріне қойылатын өлшемдерге қатысты ұсынымдар дайындауды қоса алғанда, тәуелсіз директорларға, Басқарма құрамына үміткерлер, сондай-ақ Топтық хатшы лауазымына және Қоғам ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес тағайындауды немесе тағайындауға келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамдағы өзге де лауазымдарға (ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін қоспағанда) үміткерлер үшін біліктілік талаптарын дайындау;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі үшін тәуелсіз директорларға, Басқарма құрамына, Топтық хатшы лауазымына және Қоғам ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес тағайындауды немесе тағайындауға келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамдағы өзге де лауазымдарға (ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін қоспағанда) үміткерлер, көрсетілген адамдардың өкілеттігін доғару жөнінде ұсынымдар дайындау;

3) Қоғамның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер тізімін қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау, оны одан әрі түйіндемемен, Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайлау үшін ұсынылған үміткерлерге қатысты Кадрлар және сыйақылар комитетінің бағлауымен және ұсынымымен бірге Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына жолдау;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі үшін Қоғам Басқармасының мүшелері үшін қызметтің ынталандырушы шешуші көрсеткіштері және олардың мақсатты арналуы бойынша ұсынымдар беру;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі үшін Қоғам Басқармасы мүшелерінің сабақтастықтығын жоспарлау бағдарламалары бойынша ұсынымдар беру, Қоғамның осы саладағы тәжірибесін ұдайы қарау, сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бағалау және кадр резервін қалыптастыру;

6) Қоғам ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқармасының, Қоғам Басқармасы төрағасының және мүшелерінің қызметін бағалау;

7) Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, бас директорға (Басқарма төрағасына) және Топтық хатшыға зейнеткерлік құқығын және кез келген өтемдік төлемдерді қоса алғанда, сыйақы саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдар әзірлеу;

8) бас директорды (Басқарма төрағасын) және Топтық хатшыны қоса алғанда Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы негізде жеке-дара сыйақыны анықтау бойынша ұсынымдар беру;

9) бас директорды (Басқарма төрағасын) және Топтық хатшыны қоса алғанда Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшерін өзгерту бойынша Қоғам Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау.

Жоғарыда көрсетілген адамдарға сыйақыны қарау кезінде Кадрлар және сыйақылар комитеті олардың лауазымдық міндеттерін және/немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен қызметтің жоталы көрсеткіштерін орындауын, сондай-ақ қызметінің түрі мен ауқымы осындай басқа компанияларда еңбекке ақы төлеуді назарға алады. Бұл ретте Қоғам қызметін тиісті жетілдірусіз сыйақыны көтеру қатерін ескеру қажет;

10) қызметінің ауқымы мен түрлері бойынша осындай қазақстандық және шетелдік компаниялардағы Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, Топтық хатшының, тағайындауды немесе тағайындауға келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын өзге де лауазымдардың сыйақылары деңгейіне және саясатына салыстырма талдау жасау және Қоғам Директорлар кеңесін хабардар ету;

11) Қоғам Директорлар кеңесіне Кадрлар және сыйақылар комитетінің жұмысы туралы жыл сайын есеп ұсыну;

12) Қоғам Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғам ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар беру.».